ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ГИМНАЗИЯ ИМЕНИ С. СЕЙФУЛЛИНА»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА САТПАЕВ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ОБЛАСТИ ҰЛЫТАУ

БҰЙРЫҚ

07.09.2026
Сәтбаев қаласы

ПРИКАЗ

№ 85
город Сатпаев

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оның алдын алу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ **«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын** басшылыққа ала отырып, білім беру ұйымында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, қызметкерлердің заң талаптарын сақтауын қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Гимназияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оның алдын алу жұмыстары тұрақты түрде ұйымдастырылсын.

2. Гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мизамбаева А.С. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыстарды үйлестіруге жауапты болып белгіленсін.

3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында:

- гимназия қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын түсіндіру;
- қызметтік міндеттерді орындау кезінде заңдылық, ашықтық және адалдық қағидаттарын сақтау;
- оқушылар мен ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол бермеу;
- қызметтік міндеттерді жеке мүддеге пайдалануға жол бермеу;
- мүдделер қақтығысының алдын алу;
- сыйлықтар мен өзге де заңсыз материалдық игіліктерді қабылдауға жол бермеу;
- білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар жүргізілсін.

4. Сынып жетекшілеріне:

4.1. Білім алушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған тәрбие сағаттарын және түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

4.2. Оқушыларға адалдық, әділдік, жауапкершілік және заңды құрметтеу құндылықтарын түсіндіру;

000035

4.3. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу жөнінде түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру тапсырылсын.

5. Пән мұғалімдеріне және гимназия қызметкерлеріне:

-қызметтік міндеттерін адал және сапалы орындау;

-білім алушыларға баға қою кезінде объективтілік пен әділдікті сақтау;

-оқушылардан және олардың ата-аналарынан сыйлық, ақша немесе өзге де материалдық пайда талап етпеу;

-қызметтік жағдайын жеке пайда табу мақсатында пайдаланбау міндеттелсін.

6. Ата-аналар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және гимназиядағы заңсыз ақша жинауға жол бермеу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

7. Гимназияда сыбайлас жемқорлық фактілері немесе оған ықпал ететін жағдайлар туралы ақпарат келіп түскен жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тиісті шаралар қабылдансын.

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.С.Мизамбаеваға жүктелсін.

9. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қосымша «С.Сейфуллин атынгдағы гимназиясы» КММ қызметкерлер тізімі

Директор **А.А. Нургазинова**